Әділет

## Қоғамдық жұмыс атқару жазасына тартылған тұлғалардың еңбегін пайдаланатын мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындар тізімін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2008 жылғы 30 қазандағы N 36 /08 қаулысы. Қарағанды облысы Балқаш қаласы Әділет басқармасында 2008 жылғы 12 қарашада N 8-4-122 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2009 жылғы 23 сәуірдегі N 16/03 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2009.04.23 N 16/03 қаулысымен.*

1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Балқаш қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыс атқару жазасына тартылған тұлғалар еңбегін пайдаланатын мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындар тізімі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Балқаш қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" Мемлекеттік Мекемесіне (әрі қарай – "ММ") қосымшада көрсетілген қоғамдық жұмыс атқару жазасына тартылған тұлғалар еңбегін пайдаланатын мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындар басшыларымен бірлесіп, қоғамдық жұмыс атқару жазасына тартылған тұлғалар үшін жұмыс орындарын ашу жөніндегі шараларды қолдансын.

3. Балқаш қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 02 қазандағы N 33/07 "Қоғамдық жұмыс атқару жазасына тартылған тұлғалардың еңбегін пайдаланатын мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындар тізімін бекіту туралы" қаулысы жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Людмила Мырзахметқызы Түкбаеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

*Қала әкімі Қ. Тейлянов*

*КЕЛІСІЛДІ*
*"Балқаш қаласының жұмыспен қамту және әулеметтік бағдарламалар бөлімі" ММ бастығы*

*Қ.Қ. Адамова*

*28 қазан 2008 жыл*

Балқаш қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 30 қазандағы N 36/08 қаулысымен бекітілген

## Қоғамдық жұмыс атқару жазасына тартылған тұлғалардың еңбегін пайдаланатын мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындар тізімі

| N N | Кәсіпорындардың атауы | |
|---|---|---|
| 1 | "Балқаш Су" Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны | |
| 2 | "Қалалық коммуналдық шаруашылық" Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны | |
| 3 | "Балхаш Универсал" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | |
| 4 | "Зеленстрой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК